

«Ақылды әйел - әулие».

(Төле би)

«Атам елді билейді, атамды әжем билейді».

(Халық мақалы)

«Әйел қозғалмаса – көш қомданбайды».

(Қазақтың мақала)

«Қоғамның өркениеттік деңгейі оның әйелдерге қарым – қатынасымен өлшеунбек»

(Н.Назарбаевтың халыққа жолдауынан)

Жұмыс жоспары

Көшбасшы әйелдер мектебі (on-lain)

Бағдарламаның авторы және мектептің жетекшісі

«Алтын Арқау» мәдени-этнографиялық әйелдер

қоғамдық бірлестігінің төрайымы,

ҚР Білім беру ісінің үздігі

Галия Қайдауылқызы Айупкеліні

Нақты аудитория: жастар, студент- қыздар

№	Дәріс атауы	Өткізілетін уақыты
1.	1 дәріс. Тақырыбы : « Ерлермен теңесу теңдікке жету ме, әлде теңдікті сақтау ма » <i>Айуп Г.Қ.</i>	<i>Қыркүйектің бірінші онкүндігі</i> 2 сағат
2.	2 дәріс. Тақырыбы : « Қазақ әйелдерінің ұлттық болмысының ерешелігі мен әлемдегі әйелдердің ортақ мәселесі. Ұқсастығы мен айырмасы » <i>Айуп Г.Қ.</i>	<i>Қыркүйектің екінші онкүндігі</i> 2 сағат

3.	3 дәріс. <i>Тақырыбы : « Ана тілінің тазалығын сақтау әйелдердің қоғамдағы басты міндеттерінің бірі »</i> <i>Айуп Г.Қ.</i>	<i>Қыркүйек, үшінші онкүндік</i> 2 сағат
4.	4 дәріс. <i>Тақырыбы : « Гендерлік саясаттың түпкі мақсаты – берекелі отбасында ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуге бағыттау »</i> <i>Айуп Г.Қ.</i>	<i>Қазан, бірінші онкүндік</i> 2 сағат
5.	5 дәріс. <i>Тақырыбы : « Еркектердің еңсесін көтеру жолындағы әйелдердің әрекетін жандандыру. Әйел – ең әуелі Ана »</i> <i>Айуп Г.Қ.</i>	<i>Қазан, екінші онкүндік</i> 2 сағат
6.	6 дәріс. <i>Тақырыбы : « ҮЕҰ - дағы әйел көшбасшыларының ролі. Қоғамдағы шешімін табуға тиісті кейбір мәселелер »</i> <i>Айуп Г.Қ.</i>	<i>Қазан, үшінші онкүндік</i> 2 сағат
7.	7 дәріс. <i>Тақырыбы : « Жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеудегі отбасының ықпалы »</i> <i>Айуп Г.Қ.</i>	<i>Қазан, үшінші онкүндік</i> 2 сағат

Қысқаша мазмұны.

Қазақстанның тарихи, ұлттық ерекшелігін ескере отырып ежелден келе жатқан әйел теңдігін дамыту, сақтау. Тарихи деректерге, жыр-дастан, аңыз әңгімелердегі қазақ әйелдерінің даналық, батырлық болмысын айқындау. Ұмай Анадан бастап кешегі Ләззаттың батылдық бейнелерін үлгі ете отырып, әйелдердің көшбасшылық ролін ақылмен алға жылжыту.

Қоғамдағы келеңсіз көріністердің алдын алу, ерлердің әкелік, азаматтық орнын жоғарылата отырып нашақарлық, дөрекілік, арақкешік, жалқаулық дертінен араша-лаудың жолын іздеу. Осы келелі мәселені шешуде ұлттық комиссия мен үкіметтік емес ұйымдардың тығыз байланыста жұмыс жоспарын жасап іске асыруды қамтама-сыз ету.

Рухани деңгейімізді көтеретін салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды бүгінгі жахандану кезеңінде тиімді пайдалана білуге мұрындық болу.

Ұлтаралық, дінаралық қатынастарға сергек қарау. Салауатты өмір салтын күнделікті тәрбие жүйесіне айналуыру. Сырттан келген «тәрбие көздеріне» сақтықпен қарау.

Жеке адамның зорлығынан қоғамдағы қорлыққа айналған жағымсыз әдеттермен күресу шараларын ашық та батыл жүргізу.

Ұлттық қауіпсіздікке қайшы келетін кез келген жат пиғылдардың алдын алып, жолын кесуге әйел-аналарды жұмылдыру.

БАҚ арқылы мерзімдік басылымдарда тұрақты жариялауды қамтамасыз ету.

Дәрістерді «дөңгелек үстел», «пікірталас» түрінде ұйымдастырып, ортақ ой түйіп, ақиқатқа жетудің жолын қарастыру.

«Әйел мәселесі-әлем мәселесі» деген ұранды тақырыпты өзектілігін жоймайтын өміршең қағидаға айналдыру.

Бұл бағдарламада еліміздегі әртүрлі бұлақ көздеріне сүйене отырып өз тұжырыммызды қосып қорытынды жасау.